

# Төтенше жағдай кезіндегі. Онлайн кітапхана

**ШАҒЫРАЕВА Э.**

ШҚ облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы «Жастар» орталығының жетекшісі Өскемен қ.



Кітапханаларда еліміздегі болып жатқан төтенше жағдайларға түбегейлі бейімделуде. Қоғамдағы төтенше жағдайда ақпараттық технологияларды барынша қолдануда ШҚ облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы да өзінің жаңа міндеттері мен мақсаттарын алдына қоюда.

Біздің мақсат – оқырмандарымыздың рухани байлық – көркем әдебиетке кітапханалық дәстүр мен жаңашылдықты сақтай келе, жаңа заманға сай қашықтықтан кітаптарды оқуға шақыруды қолға алу. Ең бастысы ғаламдық жаңа технологияларды және әлеуметтік желілерді пайдалана отырып кітап оқу мәдениетін жоғалтпау және оқырмандарға барынша онлайн түрінде қызмет жасау.

Кітапханада бірінші кезекте «Абонемент» орталықтарынан алынған кітаптарды карантин біткенше автоматты түрде ұзарту мерзімі «Кітап мерзімін online-ұзарту» ісі іске қосылды. Сондай-ақ көптеген онлайн шаралар жүзеге асырылып, жүргізілуде. Солардың кейбіреуіне тоқтала кетсем:

Ұлы Жеңістің 75 жылдық мерекесіне арналған «Соғыс туралы оқимын. А я читаю книги о войне...» атты Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстанның Халық Қаһарманы, Украина, Молдавия, Румыния жерлерін жау басқыншылығынан азат етуде ерлік көрсеткен, батыл, ержүрек, Отанының адал ұлы Қ. Қайсеновтың «Жау тылында», «Опаленное детство» туындыларын оқи отырып [www.vkolibrary.kz](http://www.vkolibrary.kz) сайтында сұрақтарды шешуге онлайн-тест әзірленді.

ШҚ облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы төрт жыл қатарынан өткізіп келе жатқан Халықаралық интернет-сайысы биылғы жылы да ұйымдастырылуда. Ұлы жазушы, ақын және ағартушы Абай Құнанбаевтың 175-жылдығына арналған «Абай мұрасы. К Абаю...» шарасы туралы [www.vkolibrary.kz](http://www.vkolibrary.kz) сайтында ережелері айтылып, оған қатысуға арналған үндеу бейнежазба Facebook, Twitter, Instagram парақшаларына қойылды.

«Кітап маған тақтан да қымбат» атты акциясы қолға алынды. Бұл акция қазіргі карантин уақытында кітап оқып, рухани азық жинауды мақсат ету арқылы, зиялы қауым өкілдері қандай кітап оқып жатқанын және қандай кітаптар оқуға кеңес беретінін оқырмандармен бөлісу мақсатын көздейді. Акцияны өлкеміздегі ақын-жазушылар мен өнер иелеріне жолдаған едік. Белсенді қауым өкілдері қандай кітап оқып жатқанын және қандай кітаптар оқуға кеңес беретінін оқырмандармен бөлісті.


Кітапханашылар балаларға арналған ертегі кітаптарды тыңдауға арналған көлеңке театрына арналған бейнелерді өз қолдарынан жасап, оны іске асырып, кішкентай оқырмандарға С. Маршактың «Ақымақ тышқан» туралы ертегі, Ы. Алтынсариннің «Әке мен бала» атты мысал әңгімесін, Р. Скоттон шығармасындағы «Марғау Шалп» ертегісін YouTube желісі арқылы ұсынды.

«Easy English» айдары аясында балаларға ағылшын тілін үйрету курсының сабақтары онлайн желілер арқылы жүргізілуде.

Могилев қаласындағы (Беларусия) орталықтандырылған кітапханалар жүйесімен жүргізілген «Интернет желісіндегі кітапханалар: Сәнге құрмет немесе оқырмандарға жақын болу дұрыс қадам ба?» атты виртуалды қарым-қатынастың шығармашылық шеберханасына телекөпір арқылы инновациялық және әдістемелік жұмыстар орталығының жетекшісі Устинова Тамара Владимировна мен әдіскер Горбунова Дарья Николаевна қатысты. Кездесудің негізгі мақсаты – мәдениетаралық диалог пен кәсіби серіктестік

қарым-қатынастарды қолдау, жаңа идеялармен және шығармашылық жоспарлармен алмасу, сондай-ақ кітапхана мамандарының заманауи инновациялық ойлауын қалыптастыру.

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы ұйымдастырған Абай Құнанбайұлының 175



**ЧИТАЛЬНЫЙ  
ЗАЛ**